**Шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 30 қазандағы № 113 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 6 қарашада № 9860 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.09.2018 № 681 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.06.2016 № 514 (01.09.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына және " Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмелерін жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында жариялау және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбек жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Инвестициялар және даму*
*Министрінің міндетін атқарушы* *Ж. Қасымбек*

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушының
2014 жылғы 30 қазандағы
№ 113 бұйрығымен бекітілген

**Шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.06.2016 № 514 (01.09.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-18) тармақшасына сәйкес әзірленген және Шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс (бұдан әрі – тендер) өткізуді ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.04.2017 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) қаржы институты – екінші деңгейдегі банктер, банк қызметін жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар кредиттік ұйымдар, лизингілік компаниялар;

2) лизинг беруші – тартылған ақша және (немесе) өз ақшасы есебінен лизинг нысанасын меншігіне сатып алатын және оны лизинг алушыға лизинг шартының талаптарымен беретін лизинг мәмілесіне қатысушы. Бір лизинг мәмілесінің шеңберінде , лизинг беруші бір мезгілде оның басқа қатысушысы ретінде іс-қимыл жасауға құқылы емес;

3) тендерлік өтінім – тендерді ұйымдастырушыға тендерге қатысушы ұсынған, тендерді ұйымдастырушының және осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген құжаттар жиынтығын қоса отырып, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ресімделген өтінім;

4) уәкілетті орган – теміржол көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) Ұлттық инфрақұрылым операторы – акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, магистральдық теміржол желісін пайдалануды, күтіп-ұстауды, жаңғыртуды, салуды жүзеге асыратын және магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсететін заңды тұлға;

6) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдауларды орындайтын заңды тұлға.

3. Тендерді өткізудің ұйымдастырушысы (бұдан әрі – тендерді ұйымдастырушы):

1) әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастарда – уәкілетті орган;

2) әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы қатынастарда – республикалық маңызы бар қалаларда, облыстарда жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

## 2-бөлім. Тендерді өткізу тәртібі

### 1-параграф. Тендерді өткізу

4. Тендер мынадай:

1) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау шартының (бұдан әрі – субсидиялау туралы шарт) мерзімінің өтуі;

2) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын одан әрі субсидиялау үшін бюджет қаражаты болмаған жағдайды қоспағанда, субсидиялау туралы шартты мерзімінен бұрын тоқтату немесе субсидиялау туралы шарттан әлеуметтік маңызы бар маршрутты алып тастау;

3) қолданыстағы субсидиялау туралы шартқа сәйкес маршрутты ұзарту немесе қысқарту жағдайларын қоспағанда, жаңа әлеуметтік маңызы бар қатынастарды анықтау жағдайларында өткізіледі.

Бұл ретте, тендер тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыру және бюджеттік қаржы есебінен оның шығындарын ұзақмерзімді субсидиялау құқығына өткізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 27.12.2017 № 903 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.09.2018 № 681 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Тендерді өткізу туралы шешім уәкілетті органмен немесе қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес конкурстық құжаттаманы бекіту әдісімен қабылданады.

6. Уәкілетті орган тендерді өткізу туралы шешім қабылдағаннан кейін тендерді ұйымдастырушының интернет-ресурсы арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда тиісті тендер өткізу туралы хабарландыру (бұдан әрі – хабарландыру) беріледі. Хабарландыру тендер өткізілген күнге дейін күнтізбелік 15 күннен, сондай-ақ қайта өткізілген жағдайда күнтізбелік 7 күннен кешіктірілмей беріледі. Тендер жасасқан субсидиялау туралы шарттардың мерзімі аяқталуына күнтізбелік 60 күннен кешіктірілмей өткізіледі.

7. Тендерді өткізу туралы хабарланғаннан кейін тасымалдаушылар осы Қағидаларға сәйкес уәкілетті органның атына тендерлік өтінімдерді ұсынады.

8. Тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау тіркеу журналына өтінімдерді (тігілген, нөмірленген, комиссия хатшысы қол қойған және мөрмен бекітілген) енгізу жолымен жүзеге асырылады және тендерді өткізу күніне дейін күнтізбелік бір күн ішінде аяқталады.

интернет-ресурстар арқылы шығыстары бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу туралы

**2-параграф. Конкурстық құжаттаманы әзірлеу және бекіту тәртібі**

9. Тендерге конкурстық құжаттаманы тендерді ұйымдастырушы әзірлейді және бекітеді және мыналардан тұрады:

1) хабарландыру;

2) лоттар бөлігінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысанда әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдауды жүзеге асырудың негізгі талаптары (бұдан әрі – жолаушыларды тасымалдаудың негізгі талаптары);

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдауды дамытудың негізгі талаптары (бұдан әрі – тасымалдаудың негізгі талаптары);

4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес жылдар және лоттар бөлігінде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылар шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялаудың жоспарланған көлемі және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы бойынша қызметке бағаның (тарифтердің) шекті деңгейі (бұдан әрі – ұзақ мерзімді субсидиялаудың жоспарланған деңгейі және бағаның жоғарылауының шекті деңгейі);

5) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес жылдар және лоттар бөлігінде тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондардың есепке ала отырып әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар айналымының жоспарланған көлемі ( бұдан әрі – жоспарланған жолаушылар айналымының көлемі).

10. Тендерге шығарылатын лоттар әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша қатынауға жоспарланған поездар бойынша құрылады. Тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондар бойынша лоттар әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жол жүру кезінде оларды қалыптастыру пунктінен тіркеу бірінші жоспарланған құрамдағы поезбен бір лотта құралады. Халықаралық поездардан басқа тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондар үшін жеке лоттарды қалыптастыру көзделмейді. Бұл ретте республикалық көлемдегі іс-шараны ұйымдастыру шеңберінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын ұйымдастырған жағдайда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша қатынауға жоспарланған электро-, дизель поездардан басқа поездарды, бір лотпен өткізуге болады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.04.2017 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

11. Тасымалдаудың негізгі талаптары және жолаушылар айналымының жоспарланған көлемінің көрсеткіштері "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-23) тармақшасымен сәйкес уәкілетті органмен бекітілген әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы жүзеге асырушы тасымалдаушылар шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемін анықтау Әдістемесіне (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес қалыптасады.

12. Дамудың негізгі талаптары әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалының сапалық көрсеткіштерін жоғарылату есебінен қалыптасады.

13. Ұзақ мерзімді субсидиялаудың жоспарланған көлемі және бағаны жоғарылаудың шекті деңгейі тиісінше деңгейде бекітілген бюджет шегінде қалыптасады.

Келесі жылдарға тиісінше бюджет бекітілмеген ұзақ мерзімді субсидиялаудың жоспарланған көлемі және бағаны жоғарылаудың шекті деңгейі тиісінше деңгейдің бюджеті бекітілген соңғы жылдың деңгейінде қалыптасады.

14. Әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру мерзімі жылына күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аз жүретін маршруттарды, сондай-ақ жүзеге асыру мерзімін тендерді ұйымдастырушы бес жылдан жиырма жылға дейін айқындайтын әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық, облысішілік) және қалааралық қатынастар бойынша тасымалдауды қоспағанда, жиырма жылға айқындалады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 14.11.2024 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Тендерге конкурстық құжаттар тендерді ұйымдастырушының бірінші басшысымен, не ол болмаған кезде оның міндетін атқарушы адаммен бекітіледі.

**3-параграф. Комиссияны құру**

16. Тендерді өткізуді қамтамасыз ету және жеңімпазды анықтау үшін комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады. Комиссия құрамы тендерді ұйымдастырушының бірінші басшысы, не ол болмаған кезде оның міндетін атқарушы адаммен бекітіледі, бұл ретте комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және үш адамнан кем болмауы тиіс. Комиссияны комиссия төрағасы, ал ол болмаған кезде төрағаның орынбасары басқарады. Комиссия хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

17. Комиссия қатысушылардың тендерлік өтінімдерін қабылдайды және қарайды, тендер өткізеді және жеңімпаздарды анықтайды.

18. Комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары комиссия қызметін басқарады, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

19. Тендерді ұйымдастырушыға өтеусіз негізде жолаушыларды тасымалдау жөніндегі қызметтер ұсыну бойынша жұмыс тәжірибесі бар өзге де мамандарды сарапшылар ретінде жұмыс істеу үшін тартуға рұқсат етіледі. Сарапшы комиссияның мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

20. Сарапшылар қатысушылардың тендерлік өтінімдерінің конкурстық құжаттама талаптарына, осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды береді. Сарапашылар комиссияның мүшесі болып табылмайды және

комиссия шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ. Сарапшылардың қорытындысы қатысушылар ұсынған тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру, жеңімпаздарды анықтау туралы шешім қабылданған кезде ескеріледі. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшылар қол қояды және комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

**4-параграф. Тасымалдаушыларға және ұсынылған құжаттарға қойылатын талаптар**

21. Тендерге қатысу үшін тасымалдаушы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) Қазақстан Республикасы шекарасында кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушы жеке кәсіпкер және заңды тұлға болып саналуы;

2) Қазақстан Республикасының аумағында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген, жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру үшін меншікті немесе өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын техникалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін жолаушылар тасымалын ұйымдастыру үшін жолаушы жылжымалы құрамының болуы.

Бұл ретте үлгілері (жалпы, плацкарт, купе) бойынша көрсетілген жолаушылар вагондарының саны талап етілетін вагондар санынан кемінде 30 %, ал электр-, дизель поездар вагондарының саны – 100 % құруы тиіс;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдар бойынша берешектерінің болмауы;

4) тиісті әлеуметтік маңызы бар бағыттарға қызмет көрсетуге қажет поезд бригадалары қызметкерлерінің жеке білікті штатының және/немесе нормативтік саны шегінде тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, бұрын әлеуметтік маңызы бар бағытқа қызмет көрсеткен тасымалдаушының поезд бригадалары қызметкерлерінің білікті штатын жұмысқа қабылдау туралы кепілдіктің болуы;

5) 3 айдан артық уақытта Ұлттық инфрақұрылым операторының, локомотивтік тарту операторының және жалпы қолданыстағы үй-жайларға мүмкіндік алу жөніндегі қызметтерді және вокзалдарда соңғы 12 айға тендер өткізілген немесе шарт ұзартылған күннің алдындағы айдың бірінші күніне анықтамалық-ақпараттық қызметтерді ұсынатын басқа да теміржол ұйымдарының алдында берешегінің болмауы;

6) Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктерде ашылған есептер бойынша тендер өткізетін айдың алдындағы соңғы үш айға мәлімделген қатынаста көзделген жылдық субсидиялардың көлемінен кемінде 5 % құрайтын меншікті ақшалай қаражаты айналымының болуы.

Бұл ретте облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен өткізілген Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан басқа мемлекеттің темір жолдары учаскелері бойынша өтетін әлеуметтік

маңызы бар ауданаралық (қалааралық, облысішілік) және қала маңындағы қатынастар бойынша тендерге қатысушы тасымалдаушыларға осы тармақтың 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген талаптар қарастырылмайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.04.2017 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

22. Тендерге қатысу үшін уәкілетті органның атына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) тендерге қатысуға өтінім:

заңды тұлғалар үшін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

жеке кәсіпкерлер үшін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуі туралы нотариалдық куәландырған куәліктің көшірмесі;

3) тендерге мәлімделген лоттар бойынша меншікті және (немесе) сенімді басқарудағы, мүліктік жалдау немесе өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын тасымалдаушының вагондарын теміржол жолаушылар паркімен қамтамасыз ету бойынша ұсыныс:

әлеуетті тасымалдаушылар үшін – осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

шарттық міндеттемелерді орындамауына, оның ішінде жолаушылар вагондары паркін жаңартуға байланысты осы әлеуметтік маңызы бар қатынас бойынша субсидиялау туралы шартпен бұзған тасымалдаушы үшін және оның еншілес ұйымдарына жолаушылар вагондарының пайдалану мерзімі 3 жылдан аспайтын осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.

Бұл ретте облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан басқа мемлекеттің темір жолдары учаскелері бойынша өтетін әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық, облысішілік) және қала маңындағы қатынастар бойынша тендер өткізген жағдайда осы Қағидаларға 8-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 333 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11119 болып тіркелген) Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидаларына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктерінің нотариалдық куәландырған немесе "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған көшірмесі;

5) қызмет көрсетудің бірінші жылының соңына дейінгі мерзімде ұсынылған тендерге мәлімделген, тасымалдаушының меншік құқығын немесе жолаушылар жылжымалы құрамын жалға алуын растайтын құжаттардың нотариалдық куәландырған көшірмесі;

6) тендерге мәлімделген теміржол жолаушылар вагонына техникалық куәліктердің нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16601 болып тіркелген) бекітілген Жеке шоттарын жүргізу қағидаларына 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тендерлік өтінімдерді қабылдаған соңғы күннің алдындағы бір айдан аспайтын жағдай бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

8) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лоттар бөлігінде жолаушыларды тасымалдаудың негізгі талаптарын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар;

9) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолаушыларды тасымалдауды дамытудың негізгі талаптарын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар;

10) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұзақ мерзімді субсидиялаудың жоспарланған деңгейі және бағаның жоғарылауының шекті деңгейінің негізгі талаптарын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар;

11) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолаушылар айналымының жоспарланған көлемін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар;

12) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, бұрын қызмет көрсеткен әлеуметтік маңызы бар маршруттарға поезд бригадалары қызметкерлерінің жеке білікті штатының болуы туралы мәліметтер. Бұрын басқа тасымалдаушылар қызмет көрсеткен маршруттарға өтінім берген кезде нормативтік саны шектерінде тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, бұрын әлеуметтік маңызы бар маршруттарға қызмет көрсеткен тасымалдаушының поезд бригадалары қызметкерлерінің білікті штатын жұмысқа қабылдау туралы кепілді міндеттеме-хат;

13) тасымалдаушымен Ұлттық инфрақұрылым операторының, локомотивтік тарту операторының және теміржол ұйымдарымен жалпы қолданыстағы ғимараттарға жолаушыларға рұқсат беру бойынша қызметтерді және вокзалдарда анықтамалық-ақпараттық қызметтер көрсететін басқа да теміржол ұйымдарының арасындағы соңғы 12 ай ішінде бірінші басшының мөрлерімен бекітілген, қолдарымен расталған өзара есеп айырылысуларды салыстырып тексеру актісі.

Берешек болған жағдайда, бірінші басшылар қол қойған, мөрлермен бекітілген берешекті кепілді өтеу кестесін қамтитын екіжақты келісім немесе төлем жасау туралы банк белгі қойған берешектің өтелуін растайтын төлем тапсырмасының түпнұсқалары;

14) тасымалдаушыда банктан (тардан) ашылған есептер бойынша мәлімделген қатынаста бірінші жылда қызмет көрсетуге қарастырылған субсидия көлемінен тендер өткізетін айдың алдындағы соңғы үш айға мәлімделген қатынаста көзделген жылдық субсидиялардың көлемінен кемінде 5 % құрайтын меншікті ақшалай қаражаты айналымының анықтамасы;

15) осы Қағидалардың 7-параграфына сәйкес тендерге қатысу үшін өтінімдерді қамтамыз етуді растайтын құжат.

Бұл ретте облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен өткізілген Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан басқа мемлекеттің темір жолдары учаскелері бойынша өтетін әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қаларалық, облысішілік) және қала маңындағы қатынастар бойынша тендерге қатысушы тасымалдаушыларға осы тармақтың 4), 6), 9) және 13) тармақшаларында көрсетілген талаптар қарастырылмайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.04.2017 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.09.2018 № 681 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.07.2020 № 405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

**5-параграф. Құжаттарды ұсыну**

23. Тендерге қатысуға қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын және осы Қағидалардың 21-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тендерлік өтініммен бірге уақытылы ұсынған, осы Қағидалардың 22-тармағында анықталған талаптарға сәйкес келетін тасымалдаушылар жіберіледі.

24. Тендерге қатысу үшін талап етілетін құжаттар екі данада мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ішкі конверттегі тиісті данасына "түпнұсқа" немесе "көшірме" деп жазу арқылы ұсынылады, беттері нөмірленіп, тігілген болуы тиіс, соңғы беті (екінші жағы) заңды тұлғаның мөрімен куәландырылады.

Бұл ретте банктік кепілдеме түпнұсқасы, оны тендерге қатысуға берілген өтінімді қамтамасыз ету үшін берілген болса, онда ол тігілмейді және бөлек конвертпен тендерге қатысуға талап етілетін құжаттармен бірге беріледі.

25. Тендерлік өтінімде ешқандай түзетулер және өшірулер немесе басқа да қосып жазулар болмауы тиіс.

26. Тасымалдаушы тендерлік өтінімді конвертке салып желімдейді, онда тасымалдаушының атауы мен мекенжайы көрсетіледі. Конвертте "ТҮПНҰСҚА" немесе "КӨШІРМЕ" белгілері қойылады. Осыдан кейін екі конверт бір сыртқы конвертке салынып жабылады.

27. Конверттер тендерді ұйымдастырушыға:

облысаралық қатынастар бойынша – "Шығыстары республикалық бюджеттен ұзақ мерзімді субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі конкурсқа арналған тендерлік өтінім";

облысаралық немесе ауданаралық (қалааралық) және қала маңы қатынастары бойынша – "Шығыстары республикалық бюджеттен ұзақ мерзімді субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар облысаралық немесе ауданаралық (қалааралық) және қала маңы қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі конкурсқа арналған тендерлік өтінім" деген белгілермен жіберілуі тиіс.

28. Қатысушы тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерлік өтінімін өзгерте немесе кері қайтарып ала алады. Өзгерту өтінімнің өзі сияқты дайындалуы, салынуы және ұсынылуы тиіс. Мұндай өзгерту немесе қайтып алу туралы хабарлама, егер оны тендерді ұйымдастырушы (комиссия) тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімдері өткенге дейін алса, жарамды болып табылады.

29. Өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімдері өткеннен кейін өтінімдерге ешқандай өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

30. Тендерлік өтінімді бағалау кезінде есепке алу үшін тасымалдаушы тендерлік өтінімге қосымша мына құжаттарды беруіне болады:

1) Ұлттық инфрақұрылым операторының Қазақстан Республикасы аумағында темір жол көлігімен тасымалдаушының бұрын жолаушыларды, багажды және жүкбагажды тасымалдау жөніндегі қызметті атқарғанын растайтын осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес үлгіде жасалған, мөрмен бекітіліп, бірінші басшысының қолы қойылған анықтамасы немесе Қазақстан Республикасы аймағы бойынша темір жол көлігімен жолаушылар тасымалы қызметін жүзеге асырған барлық кезеңдерде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушы шығыстарын субсидиялау туралы шарттың нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;

2) тендерді ұйымдастырушының атына қаржы институтының растау хатының және тасымалдаушының міндеттемелерін растау хатының түпнұсқалары немесе тасымалдаушы мен қаржы мекемесінің арасында жасалған шарттың түпнұсқасы, онда тасымалдаушы тендер жеңімпазы болып анықталған және онымен белгіленген тәртіпте субсидиялау туралы шарт жасалған жағдайда:

қаржы институты жаңа жолаушылар вагондарын сатып алу үшін тасымалдаушығы кредиттік қаржы беруге немесе сомасын (кредит немесе қаржы лизингісін), сыйақы мөлшерлемесін, мерзімін, ай сайынғы төлем графигін, сатып алынатын вагон саны мен түрлерін, вагон жасаушы зауытты, вагондарды тасымалдаушыға жеткізу графигін көрсету арқылы лизинг беруші болуға міндеттенеді. Қаржы институтының

тасымалдаушыға кредиттік қаржы беру мерзімдері алты айдан, ал лизинг мәнін беру мерзімі онымен субсидиялау туралы шарт белгіленген тәртіпте жасасқаннан кейін он бес айдан аспауы тиіс;

Тасымалдаушы жоғарыда көрсетілген жағдайларды есепке ала отырып, жаңа вагондарды сатып алу үшін кредиттік қаражат немесе қаржылық лизингті беруге қаржы институтымен жасалатын шартқа қол қоюға міндеттенеді.

Бұл ретте тасымалдаушы мен қаржы институтының арасында жасалған шартқа қарыз ақшаны немесе қаржылық лизингті беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттардың көшірмесі қоса беріледі. Осы шартта тасымалдаушының жаңа вагондарды сатып алу және оларды тасымалдаушыға жеткізу мерзімі белгіленген тәртіпте онымен субсидиялау туралы шарт жасалғаннан кейін он бес айдан аспауы тиіс .

3) тасымалдаушының тікелей вагон жасаушы зауыттан немесе өндіруші зауыттың өкілдері арқылы сатып алынатын жолаушылар вагондарының саны мен түрлері, тасымалдаушыға вагондарды жеткізу графигі көрсетілген жаңа вагондарды сатып алу шартының нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі (бұдан әрі – сатып алу шарты) . Сонымен қоса, осы құжатқа өндіруші зауыттың өкілдеріне нотариалдық куәландырған құқық орнатушы және сатып алу шарты сомасының он бес пайызын тасымалдаушымен төленгендігін растайтын құжаттардың түпнұсқасы ұсынылады. Осы шартта тасымалдаушының жаңа вагондарды сатып алу және оларды тасымалдаушыға жеткізу мерзімі белгіленген тәртіпте онымен субсидиялау туралы шарт жасалғаннан кейін 15 айдан аспауы тиіс.

Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.10.2016 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 903 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

31. Осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген құжаттардың бар-жоғы тендер құжаттарын қайтаруға негіз болып табылмайды.

**6-параграф. Тендерлік ұсыныстарға баға беру және жеңімпаз(дар)ды анықтау**

32. Комиссия тендерлік өтінімдер салынған конверттерді қатысушылар немесе олардың өкілеттіктері комиссияның отырысына қатысуға құқық беретін сенімхатпен расталған уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашады.

33. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде комиссия қатысып отырған адамдарға тендерге қатысатын тасымалдаушылардың атауы мен тұрғылықты жерін, олар ұсынған бағаларды, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты хабарлайды.

34. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей комиссия конверттерді ашу хаттамасын жасайды және хаттамаға

конверттерді ашу рәсіміне қатысқандар, комиссия мүшелері, сондай-ақ комиссия хатшысы қол қояды.

35. Тендерді ұйымдастырушылар тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) тасымалдаушыларға немесе олардың уәкiлеттi өкiлдерiне өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының көшiрмесiн жіберед немесе ұсынады;

2) өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының қол қойылған мәтінін уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялайды. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасындағы және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер ақысыз негізде барлық мүдделі адамдарға танысу үшін қолжетімді болуы тиіс.

36. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі кезінде болмаған тасымалдаушыларға олардың жазбаша сұрау салуы бойынша немесе олардың уәкілетті өкілдерінің жазбаша сұрау салуы бойынша тендерді ұйымдастырушының осындай сұрау салуды алған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей конверттерді ашу хаттамасының көшірмесі ұсынылады.

37. Осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес комиссия тендерге қатысу үшін карауға қабылданған тендерлік өтінімдерді лот бойынша осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру бойынша тендерлік өтінімдерді бағалау парағында (бұдан әрі бағалау парағы) баллдарды қояды.

Әрбір лот бойынша бағалау парағы тендердің нәтижесі туралы хаттамағы қоса тіркеледі.

38. Осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген құжаттар комиссиямен тендерлік өтінімді бағалау парағында осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ресімделген жағдайда ғана ескеріледі.

39. Тасымалдаушылардың тендерлік өтінімдерін және осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарды қарастыру кезінде, қажет болған жағдайда комиссия тендерлік өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, оның ішінде осы Қағидалардың 42-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген фактілерді алып тастау мақсатында, жазбаша нысанда тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпараттарды сұратады.

Бұл ретте тендерді ұйымдастырушы вагондардың тендерлік өтінімінде осы Қағидалардың 22-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тасымалдаушы ұсынған құжаттардың сәйкестігіне алдын ала зерттеп қарау жүргізеді. Тасымалдаушы вагондарды алдын ала қарап тексертуден бас тартқан жағдайда, тасымалдаушының тендерлік өтінімі қарастырылмайды. Вагондарды алдын ала зерттеп қарау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 16-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша вагондарды алдын ала зерттеп қарау актісі жасалады.

Вагондарды алдын ала зерттеп қарау актісі тасымалдаушының осы Қағидалардың 21-тармағының 2) тармақшасына сәйкестігіне және тендерге шығарылған лоттар бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыру бойынша тендерлік өтінімді бағалау парағындағы 1, 4 және 5-тармақтар бойынша балдардың санын есепке алу үшін негіз болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген ақпарат немесе вагондарды алдын ала зерттеп қарау актісі комиссияның шешімі қабылдауы үшін негіз болып саналған жағдайда тендердің нәтижесі туралы хаттамаға тіркеледі.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 27.12.2017 № 903 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.09.2018 № 681 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

40. Тендерлік өтінімдерін және осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарды қарастырып және бағалағаннан кейін, комиссия хатшысы тасымалдаушылар бойынша тендерлік өтінімдерді бағалау парағында лоттар бөлігінде жалпы балды жинақтайды және тендердің қорытындысы бойынша хаттамада көрсетілетін ортақ сомалық балды анықтайды.

41. Комиссия тендерге қатысу үшін қарастыруға қабылданған тендерлік өтінімдердің бағалау парағына сәйкес сомалық балды бағалайды және салыстырады және әрбір лот бойынша тендерде жеңген тасымалдаушыны анықтайды.

Тендерге тасымалдаушымен ұсынылған әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылар шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялаудың жоспарланған көлемі тасымалдаушы пайдасына бағалауға жатпайды.

42. Комиссия, егер:

1) тендерлік өтінімді ұсынған, осы Қағидалардың 21-тармағының талаптарына сәйкес келмесе;

2) тендерлік өтінімді ұсынған, осы қағидалардың 22-тармағына сәйкес құжаттарды тапсырмаса;

3) тасымалдаушымен ұсынылған әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалына бағаның (тарифтің) жоғарылауының шекті деңгейі конкурстық құжатта көрсетілген деңгейден асып түссе;

4) тасымалдаушымен ұсынылған ұзақ мерзімді субсидиялаудың жоспарланған көлемі конкурстық құжатта көрсетілген деңгейден асып түссе;

5) жолаушыларды тасымалдаудың негізгі шартын қамтамсыз етпесе;

6) тасымалдаушы ұсынысы осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген, дамудың негізгі талаптарын қамтамасыз етпесе;

7) тасымалдаушының ұсынысы осы Қағидалардың 5-қосымшасында көрсетілген, жоспарланған жолаушылар айналамының көлемін қамтамасыз етпесе;

8) ұсынған тендерлік өтінімде жалған мәліметтерді беру, оның ішінде жалға алу шарттарының мерзіміне өтіп кетуін және вагондарды жалға алушы ауысқанды ескермегенде теміржол жолаушылар паркінің вагондарын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды әлеуетті тасымалдаушы ұсынған вагондардың басқа маршруттар бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты, тасымалдаушылардың шығындарын ұзақ мерзімді субсидиялауға бұрын жасалған қолданыстағы шарттарда болу фактісі анықталса, тендерлік өтінімді қайтарады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.09.2018 № 681 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Егер тендерге қойылатын бір лот бойынша тендердің шарттарына жауап беретін және осы Қағидаларға сәйкес тендерге қатысу құжаттарын тендерге тапсырған кемінде екі тасымалдаушы өтінім берген болса, тендер өткізілді деп танылады.

44. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда қабылданған болып комиссия төрағасы дауыс берген шешім есептеледі. Дауыс беру рәсіміне комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде комиссияның шешімі заңды деп танылады.

45. Конкурсты өткізу кезінде комиссияның кез келген мүшесінің және хатшысының тендер қорытындыларын шығарған кезде болмауына дәлелді себептер болған кезде осы фактіні растайтын құжатты ұсыну арқылы жол беріледі.

46. Комиссия тендердің қорытындылары туралы хаттаманы ресімдей отырып, конверттер ашылған күннен бастап 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тендердің қорытындыларын шығарады, оған комиссияның мүшелері мен комиссия хатшысы қолдарын қояды.

Комиссияның әрбір мүшесі тендердің қорытындысы туралы хаттамаға қоса тіркелетін өзінің ұстанымын жазбаша жаза алады.

47. Тендерді ұйымдастырушы тендер қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) тендерге қатысушыларға тендердің қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін жібереді;

2) тендердің қорытындылары туралы қол қойылған хаттама мәтінін уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялайды. Тендердің қорытындылары туралы хаттамада бар және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер ақысыз негізде барлық мүдделі адамдарға танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.

48. Осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес бағалық шәкілге сәйкес жоғарырақ балдар санын жинаған және

1) жолаушыларды тасымалдаудың негізгі шарттарын;

2) дамудың негізгі шарттарын;

3) ұзақ мерзімді субсидиялаудың жоспарланған көлемін;

4) жолаушылар айналымың жоспарланған көлемін қамтамасыз еткен тасымалдаушы жеңімпаз болып танылады.

49. Екі немесе одан да көп қатысушы бірдей сомалық бал жинаса, тасымалдаушыға мынадай басымдылық беріледі:

1) Қағидалардың 30-тармағына сәйкес ең көп жаңартылатын (жаңа) вагондардың саны;

2) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушы вагондарын пайдаланудың ең аз мерзімі;

3) тасымалдаушыда әрбір құрамға отырғызу және түсіруге арналған көтергіш құрылғылары және кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнайы орындармен, сондай-ақ ауаны баптау жүйесімен вагондардың едәуір көп саны бар;

4) вагондардың көп бөлігі тасымалдаушының меншігіне жатады;

5) осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген бағаның (тарифтің) шекті деңгейі шеңберінде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы орындалатындығына сәйкес қызмет көрсетудің алғашқы үш жылында жүріп тұруға бағаларды жоғарылатудың орташа деңгейін ұсынған тасымалдаушы;

6) тасымалдаушының Қазақстан Республикасы аумағында теміржол көлігімен жолаушылар тасымалын ұйымдастыруда тәжірибесі көп.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.09.2018 № 681 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 761 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Комиссия тендердің қорытындыларын шығару кезінде әрбір лот бойынша тендердің жеңімпазынан кейін осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес бағалау шәкіліне сәйкес ұпайлардың неғұрлым жоғарғы санын жинаған әлеуетті қатысушыны анықтайды.

Тендерді ұйымдастырушының шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттық тәртіппен келісіледі.

51. Тендердің қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде тендердің жеңімпазы мен уәкілетті орган немесе қалалар, республикалық маңызы бар қалалар, облыстың жергілікті атқарушы органдары арасында субсидиялау туралы шарт жасалады.

52. Тендер жеңімпазының тендерлік ұсыныстары онымен субсидиялау туралы шарттың ажырағысыз бөлімі болып саналады және субсидиялау туралы шарт жасасу үшін жеке меншікте және сенім білдіруші бсқармаларда, мүліктік жалдауда және тасымалдаудың негізгі шарттарына сәйкес жалпы шартты вагондар санын толық қамтамасыз ету есебінен басқа да заңдық негізде тендерді ұйымдастырушы уәкілетті органның және қалалар, республикалық маңызы бар қалалар, облыстың жергілікті атқарушы органдарға тасымалдаушының жеке меншікте және теміржол жолаушылар вагоныны паркін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарын ұсынады.

53. Уәкілетті орган және қалалар, республикалық маңызы бар қалалар, облыстың жергілікті атқарушы органдар тендердің қорытындысы бойынша келесі міндеттемелер бойынша субсидиялау туралы шарт жасаса алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылар шығындарын ұзақ мерзімді субсидиялау;

2) Заңның 8-бабы 2-2-тармағының екінші абзацында көрсетілген тасымалдаушыны анықтау;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да міндеттемелер.

54. Тасымалдаушының тендерге қатысуға берген өтінімдері тендердің қорытындылары туралы хаттамаға комиссияның барлық мүшелері қол қойғаннан кейін 15 жұмыс күні өткенге дейін жарамды.

55. Жеңімпаз шарт жасаудан бас тартқан кезде, уәкілетті орган жеңімпаздың ұсынысынан кейін ұсынысы неғұрлым қолайлы болып табылатын тендердің басқа қатысушысымен шарт жасайды. Бұл ретте тендердің ұйымдастырушысы тендерлік өтінімді қамтамасыз ету сомасын шарт жасаудан бас тартқан тасымалдаушыға қайтармайды.

Тендерге қатысушының (қатысушылардың) тендерлік ұсыныстары жеңімпаздың ұсыныстарынан кейін ең жақсы деп танылған тендердің қатысушы (қатысушылар) уәкілетті органмен шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, тендер өтпеді деп танылады.

56. Егер комиссия тендерді өтпеді деп таныған жағдайда, комиссия тендерді қайта өткізу туралы шешім қабылдайды.

Тендерге қатысуға бір ғана тасымалдаушы жіберілгендіктен комиссия тендерді өтпеді деп таныған жағдайда, комиссия онымен шарт жасау туралы шешім қабылдайды . Жасалған шарттың бағасы бөлінген субсидиялар сомасынан аспауы тиіс.

Егер, тасымалдаушылардың болмауына байланысты қайтадан өткізілген тендердің нәтижелері бойынша жеңімпаз айқындалмаған болса және шартты заңнамаға сәйкес мерзімінен бұрын бұзған болса, онда бұрын аталған маршрутта қызмет көрсеткен қызметкерлерді (жолсеріктер және поезд бастықтары) жұмысқа орналастырып, тиісті жылға бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шектерінде Ұлттық жолаушыларды тасымалдаушымен шарт жасасуға рұқсат етіледі.

57. Тендердің жеңімпазымен субсидиялау туралы шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда жаңа тасымалдаушыны анықтағанға дейін қазіргі жолаушылар тасымалдаушыларымен конкурсты өткізу кезеңінде субсидиялау туралы уақытша шарт тиісті кезеңге бюджеттен бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шегінде жасалады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.09.2018 № 681 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**7-параграф. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету**

58. Тасымалдаушы тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді, егер ол тендер жеңімпазы болып жарияланған жағдайда, конкурстық құжаттамада көзделген шартты жасауға кепіл ретінде енгізеді.

59. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету ұсынылған қатынастың бірінші қызмет ету жылына қарастырылған субсидия сомасынан 3% мөлшерінде енгізіледі.

60. Тасымалдаушы тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің біреуін таңдайды:

1) тендерді ұйымдастырушының банктік шотына аударылатын кепілдік ақша жарнасы;

2) қағаз түріндегі банктік кепілдеме.

61. Тендердің ұйымдастырушысы тасымалдаушының ресми сұрау салуымен тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі болған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде қайтарады:

1) тендерге қатысуға беретін өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін аталған тасымалдаушының тендерге қатысуға берген өз өтінімін кері қайтарып алу;

2) шартқа қол қою;

3) осы Қағидалардың 42-тармағына сәйкес тасымалдаушының тендерлік өтінімін қайтару;

4) тасымалдаушының тендерге қатысуға берген тендерлік өтінімінің қолданылу мерзімінің аяқталуы.

**3-бөлім. Заңның 8-бабы 2-2-тармағының екінші абзацында көрсетілген тасымалдаушыны анықтау тәртібі**

62. Субсидиялау туралы шарттың заңнамасына сәйкес бұзылған немесе субсидиялау туралы шарттан әлеуметтік маңызы бар маршрутты алып тастаған жағдайда уәкілетті орган және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын және кредиттік қаражатты қайтару

мен жолаушылар вагондарын сатып алуға берілетін қаржылық лизингті төлеу міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін жаңа тасымалдаушыны айқындай алады .

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.09.2018 № 681 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын және кредиттік қаражатты қайтару мен жолаушылар вагондарын сатып алуға берілген қаржылық лизингті төлеу міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін жаңа тасымалдаушыны айқындау:

1) кредиттік қаражат немесе қаржылық лизинг негізінде сатып алынған жолаушылар вагондарын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалында пайдалану;

2) кредиттік қаражатты толықтай қайтару немесе қаржылық лизингті төлеуді шығыстары республикалық бюджеттен ұзақ мерзімді субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын жаңа тасымалдаушы есебінен қамтамасыз ету;

3) жаңа тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын қамтамасыз етуге жаңа жолаушылар вагондарын сатып алу шығыстарын азайту үшін жүзеге асырылады.

64. Жаңа тасымалдаушыны анықтағанға дейін субсидиялау туралы уақытша шарт тиісті жылға бюджеттен бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шегінде қазіргі жолаушылар тасымалдаушыларымен конкурсты өткізу кезеңінде жасалады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.09.2018 № 681 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Тендерді ұйымдастырушы жаңа тасымалдаушыны анықтау үшін осы Қағидалардың 2-тарауы 2-параграфына сәйкес конкурс құжаттарын әзірлейді.

